

2012-2014 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 08 желтоқсандағы N 34/397-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 21 желтоқсанда N 2560 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 27 желтоқсандағы N 660/01-06 хаты)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012.12.27 N 660/01-06 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. 2012-2014 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2012 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 178431532,0 мың теңге, соның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 20511557,0 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 1763698,9 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 321,0 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері – 156155955,1 мың теңге;
- 2) шығындар – 180685495,3 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредит беру – 4349635,0 мың теңге, соның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 5805952,0 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 1456317,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 1359600,0 мың теңге, соның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 1359600,0 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -7963198,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 7963198,3
м ы ң т е ң ғ е .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ШҚО мәслихатының 2012.12.21 № 9/109
-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Қалалар мен аудандар бюджеттеріне 2012 жылға арналған әлеуметтік салық, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, төлем көзінен ұсталатын шетел азаматтарының жеке табыс салығы бойынша кірістерді бөлу нормативтері Өскемен қаласына 23,6 пайыз, қалған аудандарға 100 пайыз болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ШҚО мәслихатының 2012.01.25 № 2/10-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Қалалар мен аудандар бюджеттеріне қызметтерін бір реттік талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғаларға салынатын жеке табыс салығынан, төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығынан, төлем көзінен ұсталмайтын шетел азаматтарының жеке табыс салығынан кірістерді бөлу нормативі 2012 жылға 100 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

4. Облыстық қазынашылық департаменті 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап тиісті бюджеттерге кірістер сомасын есепке алуды белгіленген нормативтер бойынша жүргізсін.

5. 2012 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен қалалар мен аудандар бюджеттеріне берілетін субвенциялар көлемі 33435857 мың теңге сомасында көзделсін, соның ішінде:

Абай ауданына	1432078 мың теңге;
Аягөз ауданына	2809356 мың теңге;
Бородулиха ауданына	1334226 мың теңге;
Бесқарағай ауданына	1548482 мың теңге;
Глубокое ауданына	1524825 мың теңге;
Жарма ауданына	2552096 мың теңге;
Зырян ауданына	1535839 мың теңге;
Зайсан ауданына	1950769 мың теңге;
Катонқарағай ауданына	2397362 мың теңге;
Күршім ауданына	2548181 мың теңге;
Көкпекті ауданына	2376376 мың теңге;
Риддер қаласына	506857 мың теңге;
Семей қаласына	1105891 мың теңге;
Курчатов қаласына	86498 мың теңге;
Тарбағатай ауданына	3344787 мың теңге;
Ұлан ауданына	1878994 мың теңге;
Үржар ауданына	3667627 мың теңге;
Шемонаиха ауданына	835613 мың теңге.

6. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабының 2, 3-тармақтарына сәйкес ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және мұрағат азаматтық қызметшілеріне бюджет қаражаты есебінен лауазымдық жалақылары мен тарифтік ставкалары қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайларда шұғылданатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғандағы еңбекақылары жиырма бес пайызға көбейтіліп белгіленсін.

Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және мұрағат мамандары лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілетті органның келісімі бойынша жергілікті атқарушы орган анықтайды.

7. 2012 жылдың 31 желтоқсанына облыстың жергілікті атқарушы органдарының 7503558 мың теңге қарыз лимиті белгіленсін.

8. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2012 жылға арналған резерві 437511,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ШҚО мәслихатының 2012.11.14 № 6/78-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Облыстық бюджетте:

көлік құралдарын мемлекеттік техникалық қарауды жүргізу жөніндегі функцияларды беруге байланысты 7090 мың теңге сомасында;

халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі функцияларды беруге байланысты 820519 мың теңге сомасында;

«Арлан» арнайы мақсаттағы бөлімшесін беруге байланысты 51012 мың теңге сомасында;

мемлекеттік сәулет-құрылысты бақылау және лицензиялау мәселелері жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді беруге байланысты 44564 мың теңге сомасында;

жергілікті атқарушы органдардың педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерін беруге байланысты 118935 мың теңге сомасында республикалық бюджетке қаражат қайтару көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - ШҚО мәслихатының 2013.04.03 № 3/16-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. 2012 жылға облыстық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне:

- 1) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге;
- 2) облыстық бюджеттен трансферттер беруге;
- 3) өңірлік жобаларды (Жол картасы) іске асыруға;
- 4) ауылдарды (селоларды) абаттандыруға берілетін нысаналы трансферттерді

бөлу Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

11. 2012 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен шығындарды өтеуге Бородулиха ауданының бюджетіне 498159 мың теңге сомасында, Глубокое ауданының бюджетіне 272000 мың теңге сомасында, Шемонаиха ауданының бюджетіне 450000 мың теңге сомасында трансферттер көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ШҚО мәслихатының 2012.01.25 № 2/10 -V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. 2012 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар (қалалар) бюджеттерінен:

1) аудандық (қалалық) мәслихаттардың тексеру комиссияларының таратылуына және «Облыстың тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің құрылуына байланысты 34835 мың теңге сомасындағы;

2) мемлекеттік білім беру мекемелерін облыстық коммуналдық меншікке беруге байланысты 246341 мың теңге сомасындағы трансферттердің түсімдері көзделсін.

Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінен көрсетілген трансферттер сомасының облыстық бюджетке түсімдері Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

13. 2012 жылға арналған облыстық бюджетте:

1) көші-қон полициясының қосымша штаттық санын ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға;

2) оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және оралмандарды бейімдеу мен біріктіру орталығын ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға;

3) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

4) режимдік стратегиялық объектілерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын штат санын ұстауға;

5) спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарының мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін үстемеақы мөлшерін ұлғайтуға;

6) эпизоотияға қарсы іс-шаралар өткізуге;

7) тауарлық балық өсіру өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялауға;

8) тұқым шаруашылығын қолдауға;

9) асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға;

10) мал шаруашылығының өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды субсидиялауға;

11) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

12) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға;

12-1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді ұйымдастыруға және ж ү р г і з у ғ е ;

13) арнайы әлеуметтік қызметтер ұсынуға;

14) облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге;

14-1) моноқалаларды жайластыру мәселелерін шешуге;

15) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру та п с ы р ы с ы н і с к е а с ы р у ғ а ;

16) Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға;

17) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қ а р а ж а т т ө л е м д е р і н е ;

18) техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқу-өндірістік шеберханаларды, зертханаларды жаңарту және қайта жабдықтауға;

19) мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін үстемеақы мөлшерін ұлғайтуға;

20) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне өндірістік оқытуды ұйымдастырғаны үшін үстемеақы белгілеуге;

21) «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны а р т т ы р у ғ а ;

22) тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қамтамасыз етуге ж ә н е к е ң е й т у ғ е ;

22-1) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде бас бостандығынан айыру орындарындағы және одан босатылған адамдар арасында АИТВ-инфекциясының профилактикасы бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыруға;

23) жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау медициналық ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;

24) тұрғын үй көмегін көрсетуге;

25) ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер көзделсін.

Республикалық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттерді бөлу Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - ШҚО мәслихатының 2013.04.03 № 3/16-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2012.07.03 № 4/49-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

14. 2012 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен мынадай бағыттар бойынша іске асырылатын және аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне қаражат бөлінуі Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын қаражат көзделсін:

1) «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдау;

2) жобаларды іске асыру, сондай-ақ «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде жергілікті өзін-өзі басқаруды мемлекеттік қолдау;

3) кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне жөндеу жүргізуді несиелендіру.

15. 2012 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыруға және аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне қаражат бөлінуі Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын қаражат көзделсін.

16. 2012 жылға арналған облыстық бюджетте:

1) тұрғындарды, объектілер мен аумақтарды табиғи дүлей апаттардан инженерлік қорғау бойынша жұмыстар жүргізуге;

2) Солнечный кентінде қазандық салуға;

3) білім беру объектілерін салу және қайта жаңартуға;

4) денсаулық сақтау объектілерін салу және қайта жаңартуға;

5) әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және қайта жаңартуға;

6) сумен қамту және су бұру жүйесін дамытуға;

7) коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

8) ауылдық елді мекендердегі сумен қамту жүйесін дамытуға;

9) жылуэнергетика жүйесін дамытуға;

10) көлік инфрақұрылымын дамытуға;

11) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға;

12) мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға;

13) мамандандырылған өңірлік ұйымдардың жарғылық капиталын ұлғайтуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері көзделсін.

Республикалық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттерін бөлу Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

17. 2012 жылға арналған облыстық бюджетте тұрғын үйді жобалауға, салуға

және (немесе) сатып алуға несие көзделсін.

Республикалық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне несиелерді бөлу Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы негізінде а й қ ы н д а л а д ы .

18. 2012 жылға арналған облыстық бюджетті атқару барысында секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

2012 жылға арналған жергілікті бюджеттердің атқарылу барысында 5 қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды д е п б е л г і л е н с і н .

19. Осы шешім 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б. Мамраев

Ш ы ғы с Қ а за қ с т а н о б л ы с т ы қ
мәслихатының хатшысы В. Ахаев
Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының
2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 34/397-IV
шешіміне 1 қосымша

2012 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ШҚО мәслихатының 2012.12.21 № 9/109-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты				С о м а с ы (мың теңге)
Сыныбы				
	Ішкі сыныбы			
		Кірістер атауы		
		1. КІРІСТЕР	178431532,0	
1		Салықтық түсімдер	20511557,0	
	01	Табыс салығы	9559797,0	
	2	Жеке табыс салығы	9559797,0	
	03	Әлеуметтік салық	7813803,0	
	1	Әлеуметтік салық	7813803,0	
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3137957,0	
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3137957,0	
2		Салықтық емес түсімдер	1763698,9	
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	200761,0	
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	7049,0	

		3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	694,0
		4	Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	1085,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	103704,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	88229,0
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1700,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1700,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	63521,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	63521,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1416290,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1416290,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	81426,9
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	81426,9
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	321,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	321,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	321,0
4			Трансферттердің түсімдері	156155955,1
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	867353,1
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден алынатын трансферттер	867353,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан алынатын трансферттер	155288602,0
		1	Республикалық бюджеттен алынатын трансферттер	155288602,0
Функционалдық топ				С о м а с ы (мың теңге)
Кіші функция				
		Бағдарлама әкімшісі		
		Бағдарлама		
			Шығыстар атауы	
			II. ШЫҒЫНДАР	180685495,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1803387,7
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік , атқарушы және басқа органдар	1522129,3

	110		Облыс мәслихатының аппараты	47303,0
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	44400,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2903,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	1284313,3
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1135839,1
		002	Ақпараттық жүйелер құру	17461,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	46971,2
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	84042,0
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	190513,0
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	172648,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	17865,0
2			Қаржылық қызмет	141795,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	141795,0
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	111670,5
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	2226,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	25048,0
		020	Таратылған Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының кредиторлық берешегін өтеу	2850,5
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	139463,4
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	139463,4
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облысты басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	128003,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3022,0
		110	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасы	8438,4
02			Қорғаныс	525369,0
	1		Әскери мұқтаждықтар	66507,0
		250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	66507,0
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	33346,0
		007	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғаныс	33161,0
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	458862,0
		250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	158862,0

		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	54885,8
		004	Облыстық ауқымдағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	59239,5
		005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	14435,0
		006	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	28786,7
		009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1515,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	300000,0
		036	Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізу	300000,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	11142744,1
	1		Құқық қорғау қызметі	9341527,1
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	9332547,7
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7501435,6
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	5725,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1417909,1
		008	Республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен автомобиль жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету	6986,0
		013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	59154,0
		014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	66630,0
		015	Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	21059,0
		019	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен көші-қон полициясының қосымша штаттық санын материалдық-техникалық жарактандыру және ұстау	229999,0
		020	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және оралмандарды бейімдеу мен біріктіру орталығын материалдық-техникалық жарактандыру және ұстау	2826,0
		021	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен режимдік стратегиялық объектілерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын штат санын ұстау	20824,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	8979,4
		003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	8979,4
9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	1801217,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	1801217,0
		054	Республикалық бюджеттен Шығыс Қазақстан облысы аудандарының (облыстық маңызы бар қалаларының) бюджеттеріне берілетін Солнечный кентінде қазандық салуға арналған нысаналы даму трансферттері	1801217,0

04			Білім беру	26335990,7
	1		Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	3084342,0
		261	Облыстың білім басқармасы	3084342,0
		027	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2358763,0
		045	Республикалық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	725579,0
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	5242701,1
		260	Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	2132159,2
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	2059665,2
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	72494,0
		261	Облыстың білім басқармасы	3110541,9
		003	Арнайы білім беру оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1491302,6
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1386900,3
		048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	212888,0
		061	Республикалық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	17034,0
		063	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны арттыру	2417,0
	4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	4915788,1
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	300014,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	300014,0
		261	Облыстың білім басқармасы	4615774,1
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	4310472,1
		034	Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқу-өндірістік шеберханаларды, зертханаларды жаңарту және қайта жабдықтау	225000,0
		047	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту	80302,0

			шеберлеріне өндірістік оқытуды ұйымдастырғаны үшін қосымша ақы белгілеу	
5			Мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру	1886432,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	14986,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	14986,0
	261		Облыстың білім басқармасы	1871446,0
		052	Жұмыспен қамту – 2020 бағдарламасын іске асыру шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	1871446,0
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	11206727,5
	261		Облыстың білім басқармасы	3690308,6
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	74675,0
		004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	43008,0
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	34860,0
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	99862,4
		011	Балалар мен жеткіншектердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	84217,0
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жеткіншектерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу	93742,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2243,0
		029	Әдістемелік жұмыс	8926,0
		033	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдеріне аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	415307,0
		042	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз етуге аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	193532,6
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1496659,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1143276,6
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	7516418,9
		007	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне республикалық бюджеттен білім нысандарын салуға және қайта жаңартуға берілетін нысаналы даму трансферттері	160000,0
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	7356418,9
05			Денсаулық сақтау	42977496,5
1			Кең бейінді ауруханалар	27217,0

	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	27217,0
		004	Денсаулық сақтау саласындағы орталық уәкілетті орган сатып алатын медициналық қызметтерді қоспағанда, бастапқы медициналық-санитарлық көмек және денсаулық сақтау ұйымдары мамандарын жіберу бойынша стационарлық медициналық көмек көрсету	27217,0
2			Халықтың денсаулығын қорғау	1271059,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1271059,0
		005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдарын және дәрілерді өндіру	732242,0
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі қызметтер	362518,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	169398,0
		012	2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» Мемлекеттік бағдарлама аясында бостандықтан айыру орындарында отырған және босап шыққан тұлғалар арасында АҚТҚ-инфекциясының алдын-алуға арналған әлеуметтік жобаларды іске асыру	5799,0
		017	Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу	1102,0
3			Мамандандырылған медициналық көмек	12152196,6
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	12152196,6
		009	Туберкулезден, жұқпалы аурулардан, жүйкесінің бұзылуынан және мінез-құлқының бұзылуынан, оның ішінде жүйкеге әсер ететін заттарды қолдануға байланысты зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	5613811,0
		019	Туберкулезбен ауыратындарды туберкулез ауруларына қарсы препараттармен қамтамасыз ету	362279,0
		020	Диабет ауруларын диабетке қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	772820,0
		021	Онкологиялық ауруларды химиялық препараттармен қамтамасыз ету	114838,7
		022	Бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі, аутоиммунды, орфандық аурулармен ауыратын, иммунитеті жеткіліксіз науқастарды, сондай-ақ бүйрегі транспланттаудан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету	391005,9
		026	Гемофилиямен ауыратын науқастарды қанның ұюы факторларымен қамтамасыз ету	553839,0
		027	Халыққа иммунды алдын алу жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу	1174973,0
		036	Жіті миокард инфаркт сырқаттарын тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	81735,0
		046	Ақысыз медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде онкологиялық аурулармен ауыратындарға медициналық көмек көрсету	3086895,0
4			Емханалар	15466509,4
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	15466509,4

		010	Республикалық бюджет қаражатынан көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, халыққа амбулаторлық-емханалық көмек көрсету	13264042,0
		014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және мамандандырылған балалар және емдік тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету	1566529,4
		045	Азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаторлық емдеу деңгейінде жеңілдікті жағдайларда дәрілік заттармен қамтамасыз ету	635938,0
5			Медициналық көмектің басқа түрлері	2496891,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2496891,0
		011	Жедел медициналық көмек көрсету және санитарлық авиация	2450759,0
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	46132,0
9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	11563623,5
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2462717,0
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	114185,6
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	256923,0
		013	Патологоанатомиялық союды жүргізу	135710,0
		016	Азаматтарды елді мекен шегінен тыс жерлерде емделуге тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	29275,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметі	71051,0
		030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	2306,4
		033	Денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарының күрделі шығыстары	1853266,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	9100906,5
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	9100906,5
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	7876175,9
1			Әлеуметтік қамтамасыз ету	4960047,9
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	2461646,3
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1027861,5
		012	Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	207849,3
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	913594,5
		014	Оналту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	127003,0
		015	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) жүйкесі бұзылған мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	185338,0

	261	Облыстың білім басқармасы	1101614,0
	015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	1047122,0
	037	Әлеуметтік сауықтандыру	54492,0
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	1396787,6
	039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	1396787,6
2		Әлеуметтік көмек	179044,1
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	179044,1
	003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету	179044,1
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	2737083,9
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	2682309,9
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	78762,6
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3645,8
	017	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	186116,0
	018	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	58923,0
	026	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне медициналық-әлеуметтік мекемелерде күндіз емделу бөлімшелер желісін дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	35601,0
	037	Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін нысаналы ағымдағы трансферттері	879528,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	188135,5
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1251598,0
	265	Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	54774,0
	018	Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасына қатысушыларды кәсіпкерлікке оқыту	54774,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	15823301,1
1		Тұрғын үй шаруашылығы	9886321,9
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	860,0
	041	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін тұрғын үй көмегін беруге арналған ағымдағы нысаналы трансферттер	860,0
	261	Облыстың білім басқармасы	76 053,0

		062	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	76 053,0
	262		Облыстың мәдениет басқармасы	100895,0
		015	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	100895,0
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	311261,0
		021	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	311261,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	8916685,9
		014	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	3603544,0
		024	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	445179,4
		027	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	2825000,0
		072	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде тұрғын жай салу және (немесе) сатып алу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1891712,5
		074	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасының екінші бағыты шеңберінде жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	151250,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	480567,0
		042	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде ауылдық елді мекендерді дамытуға ағымдағы нысаналы трансферттер	480567,0
2			Коммуналдық шаруашылық	5936979,2
	279		Облыстың Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	5936979,2
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және коммуналдық үй-шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	90583,5
